

**2025 – 2026 оқу жылына арналған
Ата – аналарды педагогикалық қолдау
орталығының қызметін ұйымдастыру
бойынша жылдық жұмыс жоспары**



Бекітемін:
Мектеп директоры: _____ Алин.Д.Ғ

**Ата – аналарды педагогикалық қолдау
орталығының қызметін ұйымдастыру
бойынша жылдық жұмыс жоспары**

2025 – 2026 оқу жылы

БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ІШКІ КҮШ» ТРЕНИНГТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы Өкілдігінің қолдауымен дайындалған Бағдарламаның өзектілігі. Қазіргі әлемде балалар мен жасөспірімдер өздерінің психологиялық әл-ауқатына терең әсер ететін жан жарақатына ұшырау оқиғаларына жиі тап болады. Жан жарақаты – бұл эмоционалды және психологиялық стресті тудыратын терең күйзеліс. Бұл баланың өміріне, қауіпсіздігіне немесе тұтастығына қауіп төндіретін оқиғалар мен жағдайлардың әсерінен туындайды. Жан жарақаты бір оқиғаның салдарынан да, қайталанатын немесе созылмалы жағдайлардан да туындауы мүмкін. Жан жарақаты жай ғана оқиға емес, керісінше, оған деген реакция екенін түсіну маңызды. Бірдей оқиға бір бала үшін ауыр болса, екіншісі үшін олай болмауы мүмкін. Бұл көптеген факторға байланысты, соның ішінде баланың жасы, оның жеке ерекшеліктері, жақындарының қолдауы және бастан кешірген оқиғаға қатысты болуы мүмкін. Балалардың жан жарақатына ұшырауы әртүрлі тәуекел факторына байланысты болуы мүмкін: физикалық, эмоционалды немесе жыныстық зорлық-зомбылық, буллинг және кибербуллинг; жақындарынан айырылуға байланысты жан жарақаттары; табиғи апаттар. Жан жарақатына бағдарланған тәсілдемеге негізделген «Ішкі күш» бағдарламасы жан жарақаты оқиғаларын бастан кешірген балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдің қалыптасуы мен дамуы Джудит Герман (2021) және Бессель ван дер Колк (2020) еңбектерімен байланысты. «Ішкі күш» бағдарламасы екі негізгі мақсатты топқа бағытталған: 1. Жан жарақаты оқиғаларына тап болған және эмоционалды әл-ауқатты қалпына келтіру үшін қолдауды қажет ететін 12-15 жас аралығындағы жасөспірімдер (6-9 сыныптар). 2. Бала үшін қауіпсіз ортаны құруда шешуші рөл атқаратын және тиімді қолдау құралдарын қажет ететін ата-аналар немесе қамқоршылар. Балаларға арналған тренингтің құндылығы бала үшін қауіпсіз және қолдау ортасының құрылуымен анықталады. Онда бала: • Жан жарақаты тәжірибесін өңдеуді; • өз эмоцияларын тани және басқаруды; • бақылау және қауіпсіздік сезімін қалпына келтіруді; • стресспен күресу дағдыларын дамытуды; • басқалармен қарым-қатынасты жақсартуды үйренеді. Бағдарлама ата-аналар үшін де үлкен маңызға ие, өйткені баланың жан жарақатын бастан кешіруі ата-аналардың дәрменсіздік, өздерін кінәлі санау және АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ 13 алаңдаушылық сезімдерін тудырады. Жан жарақатына бағдарланған тәсілдемені меңгеру ата-аналарға: • баланың эмоционалды қажеттіліктерін жақсырақ түсінуге; • тиімді көмек және қолдау көрсетуге; • жан жарақатына қайта ұшыраудың алдын алуға; • отбасында қауіпсіз және қолдау ортасын құруға мүмкіндік береді. «Ішкі күш» тренингтік бағдарламасының мазмұны 1-кездесу: Қауіпсіздік пен сенімнің негізін қалаймыз 2-кездесу: Эмоциялар және оларды білдіру жолдары 3-кездесу: Тәжірибені ұғыну және ішкі күш 4-кездесу: Өзіне-өзі көмектесу және өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту. Бағдарлама балалар және олардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмысты біріктіреді, бұл бүкіл отбасы үшін біртұтас қолдау ортасын құруға мүмкіндік береді. Жұмыста жан жарақатына бағдарланған тәсілдеменің ғылыми негізделген әдістері қолданылады: топтық динамиканы дамыту, эмоциялармен жұмыс істеу, тәжірибені ұғыну, өзіне-өзі көмектесу және өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту, қатысушылардың сәтті бейімделуіне және қалпына келуіне ықпал ететін балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын нығайту. Бағдарлама БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен әзірленді.

**«Ішкі күш» тренингтік бағдарламасы негізінде оқушыларға арналған
жұмыс жоспары
(6 – 9 сынып оқушылары)**

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Қауіпсіздік пен сенімнің негізін қалаймыз	Қазан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
2	Эмоциялар және оларды білдіру жолдары	Желтоқсан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
3	Тәжірибені ұғыну және ішкі күш	Ақпан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
4	Өзіне – өзі көмектесу және өзін – өзі қорғау дағдыларын дамыту	Сәуір	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары

**«Ішкі күш» тренингтік бағдарламасы негізінде ата – аналарға арналған
жұмыс жоспары**

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Қауіпсіздік пен сенімнің негізін қалаймыз	Қазан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
2	Эмоциялар және оларды білдіру жолдары	Желтоқсан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
3	Тәжірибені ұғыну және ішкі күш	Ақпан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
4	Өзіне – өзі көмектесу және өзін – өзі қорғау дағдыларын дамыту	Сәуір	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары

**«Ішкі күш» тренингтік бағдарламасы негізінде бірлескен жұмыс
жоспары**

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Қауіпсіздік пен сенімнің негізін қалаймыз	Қазан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
2	Эмоциялар және оларды білдіру жолдары	Желтоқсан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
3	Тәжірибені ұғыну және ішкі күш	Ақпан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
4	Өзіне – өзі көмектесу және өзін – өзі қорғау дағдыларын дамыту	Сәуір	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары

«БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ» АТА-АНАЛАР МЕН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН САБАҚТАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Өкілдігінің қолдауымен әзірленген. Бағдарламаның өзектілігі отбасыларға кешенді қолдау көрсету қажеттілігінің артуымен, әсіресе цифрландыру жағдайында зорлық-зомбылық тәуекелінің жоғарылауымен байланысты. Бағдарлама қауіпсіз ортаны қалыптастыруға және ата-аналардың балаға тәлімгер мен қорғаушы ретіндегі рөлін нығайтуға бағытталған. Зорлық-зомбылық – бұл физикалық, психологиялық немесе әлеуметтік зиян келтіретін күшті, қысымды немесе билікті саналы түрде қолдану. Зорлық-зомбылықтың негізгі түрлері • Физикалық: соққы, тұншықтыру, еркіндікті шектеу, ауырсыну келтіру. • Психологиялық: қорлау, қауіп төндіру, манипуляция, газлайтинг. • Эмоционалдық: елемеу, төмендету, оқшаулау, бопсалау. • Жыныстық: келісімсіз кез келген жыныстық әрекеттер, әсіресе балаларға қатысты. • Экономикалық: қаржыны бақылау, жұмыс істеуге тыйым салу, ресурстардан айыру. • Ақпараттық: жалған ақпарат тарату, кибербуллинг. Зорлық-зомбылық баланың психикасына кері әсер етеді, әсіресе ол қайталанып отырса немесе жақын адамдар тарапынан жасалса. Мұндай жағдайлар баланың бойында тұрақты қорқыныш пен мазасыздық сезімін тудыруы мүмкін. Бұл өз кезегінде үрейлі ұстамаларға, түнгі қорқынышты түстерге және жалпы қауіп-қатер сезіміне алып келеді. Бала әлемді жауыз ретінде қабылдай бастайды және ересектерге деген сенімін жоғалтады. Депрессия пайда болады, көбінесе ол суицидалды ойлармен және көмекке зәрулік сезімімен бірге жүреді. Өзін төмен бағалау, кінә мен ұят сезімі тұрақты серігіне айналады, ал импульсивтілік пен агрессия қарым-қатынаста қиындықтар туғызып, жанжалға бейімділікке алып келеді. Оқуына кері әсер етеді: бала оқуына қызығушылығын жоғалтады, зейінін шоғырландыру қиынға соғады, есте сақтау мен назар аудару қабілеті нашарлайды. Көп жағдайда бала тұйықталып, қатарластарының ортасынан алыстайды, жалғыздықты жөн көреді. Ұзақ мерзімді тұрғыда зорлық-зомбылық деструктивті өмірлік сценарийлердің қалыптасуына, болашақтағы қа- АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ 61 рым-қатынастарда күш көрсету үлгілерін қайталауға, ішкі жан күйзелісін жеңудің жолы ретінде түрлі тәуелділіктерге — алкоголь мен есірткіден бастап құмар ойындарға дейін — әкелуі мүмкін. Созылмалы аурулар, ұйқысыздық, тамақтану бұзылыстары сынды психосоматикалық дерттер — терең психологиялық жарақаттардың көрінісі. Осы салдарлардың барлығы ерте кезеңде араласудың, ересектердің мұқият назарын және жүйелі қолдаудың маңыздылығын айқын көрсетеді. Зорлық-зомбылықтың алдын алу кешенді көзқарасты талап етеді, оған білім беру, қолдау көрсету және әлеуметтік бастамалар кіреді. Балалар мен ересектерге зорлық-зомбылықтың белгілерін тануды үйрету, эмоционалдық интеллектіні дамыту және зорлықсыз қарым-қатынас дағдыларын енгізу маңызды. Ата-аналар балаларымен қарым-

катынасты құрмет пен сенімге негізделген түрде құра білуі үшін жағымды тәрбие беру бойынша білім алуы қажет. Сондай-ақ психологиялық көмекке, жедел желілер мен дағдарыс орталықтарына қолжетімділік, бала өз сезімін еркін жеткізе алатын қауіпсіз әрі сенімді отбасылық және оқу орталарының болуы үлкен маңызға ие. Отбасында сүйіспеншілікке, қауіпсіздікке және айқын шекараларға негізделген атмосфера қалыптасуы қажет, мұнда күш қолдану мүлдем болмауы тиіс. Тәрбиедегі агрессивті әдістерге жол беруге болмайды, себебі олар зорлыққа негізделген мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады. Қоғамдық деңгейде қауіпсіз кеңістіктерді қалыптастыру, әйелдер мен жасөспірімдерді алдын алу жобаларына тарту, сондай-ақ құрмет пен қамқорлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында қоғамдық және діни көшбасшылармен жұмыс жүргізу маңызды. Осындай шаралардың барлығы зорлық-зомбылыққа жол бермейтін орта құруға септігін тигізеді. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасын жасау қазіргі тәрбиелеудегі қиындықтарға тап болған ата-аналарды жүйелі қолдаудың арту қажеттілігінен туындады. Цифрландыру жағдайында, әлеуметтік нормалардың өзгеруі мен зорлық-зомбылық қаупінің, соның ішінде онлайн ортадағы қауіптің артуы салдарынан ата-аналарға балалармен конструктивті өзара әрекеттесу, қауіп белгілерін тану және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша практикалық дағдыларды меңгеру қажет. Мұндай бағдарлама тек саналылықты арттырып қана қоймай, ата-аналардың баланың өміріндегі қорғаушы және тәлімгер ретіндегі рөлін нығайтуға көмектеседі. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының сабақтарының вариативті модулі ретінде ұсынылады. Бұл модуль ата-аналардың балалармен конструктивті өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға, зорлық-зомбылықтың алдын алуға және баланың тәрбиесіне нақты және цифрлық ортада белсенді қатысуға бағытталған. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы екі негізгі мақсатты топқа бағытталған. • 1–4, 5–9 және 10–11 сынып оқушылары: эмоциялық өзін-өзі реттеу, қауіпсіз мінез-құлық, қауіп-қатерлерді танып-білу және көмек сұрау дағдыларын дамытуға мұқтаж білім алушылар. Сонымен қатар, бағдарлама балалардың ересектерге сенімін қалыптастыруға, саналылықты арттыруға және қауіпсіз білім беру ортасында өзара құрмет мәдениетін дамытуға ықпал етеді. • Баланың қауіпсіз ортасын құруда маңызды рөл атқаратын ата-аналар немесе қамқоршылар, олар тиімді қолдау көрсетуге арналған құралдарға мұқтаж. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы, әсіресе зорлық-зомбылыққа немесе эмо-

62

БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ РКЕН ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ ционалдық жарақаттарға ұшыраған балалардың әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Тренингке қатысу балаға өз сезімдерін түсінуге, ішкі тұрақтылығын қалпына келтіруге және өзін қауіпсіз сезінуге көмектеседі. Тренинг: • Уайым мен қорқыныш сезімін азайтуға; • Ересектерге деген сенімді қалпына келтіру және қорғану сезімін қалыптастыруға; • Өзін-өзі реттеу және эмоционалдық интеллект дағдыларын дамытуға; • Зейін мен оқу мотивациясын жақсартуға; • Өзін-өзі бағалау мен сенімділікті нығайтуға; • Қауіпсіз шекараларды қалыптастыру және көмек

сұрай білу қабілетін дамытуға; • Қайталама жарақаттану мен зорлық мінез-құлқы сценарийлерінің алдын алуға ықпал етеді. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы ата-аналарды, әсіресе бала зорлық-зомбылыққа немесе эмоционалдық жарақат белгілеріне тап болған жағдайда қолдауда маңызды рөл атқарады. Мұндай жағдайлар ересектерде уайым, кінә сезімі және шатасу тудырады. Тренинг ата-аналарға дәрменсіздік күйінен шығуға, түсінікті әрі тиімді жауап беру стратегияларын ұсынуға көмектеседі. Сондай-ақ: • Баланың психологиялық реакцияларын тереңірек түсінуге; • Баланың қалпына келу үдерісінде жанашырлықпен қолдау көрсетуге; • Өз стрессін төмендетіп, ата-ана ретінде сенімділікті нығайтуға; • Тұрақты және қауіпсіз отбасылық ортаны қалыптастыруға; • Агрессивті тәрбиелеу әдістері арқылы қайталама жарақаттануды болдырмауға; • Баламен байланысын нығайтып, сенімді қалпына келтіруге мүмкіндік береді. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасының мазмұны 1-сабақ. Қауіпсіздік түсінуден басталады 2-сабақ. Онлайнда — қорықпай: жанында болу және түсіну Бағдарлама балалар мен олардың ата-аналарымен жұмыс істеуді үйлестіреді, бұл бүкіл отбасыға біртұтас қолдаушы орта құруға мүмкіндік береді. Жұмыста ғылыми негізделген әдістер қолданылады: топтық динамиканы дамыту, эмоциялармен жұмыс істеу, тәжірибені түсіну, өзін-өзі қолдау және өзінөзі қорғау дағдыларын дамыту, бала мен ата-ананың қарым-қатынасын нығайту, бұл қатысушылардың сәтті бейімделуіне және қалпына келуіне септігін тигізеді. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы Өкілдігінің қолдауымен әзірленді.

**«Бала қауіпсіздігі» тренингтік бағдарламасы негізінде оқушыларға
арналған жұмыс жоспары**

(1–4 сыныптарға арналған сабақтар)

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Мен не дұрыс, не бұрыс екенін білемін!	Қыркүйек	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
2	Ережесін білсем, интернет — менің сенімді досым	Қараша	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары

(5–9 сыныптарға арналған сабақтар)

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Зорлық-зомбылыққа жол жоқ: шекаранды таны, қорғануды үйрен!	Қаңтар	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
2	Цифрлық әлемде қорғанудың жолдары	Наурыз	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары

(10–11 сыныптарға арналған сабақтар)

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Жеке шекара және зорлық-зомбылық: көремін, түсінемін, әрекет етемін	Сәуір	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
2	Желідегі қауіптер және олардан қорғану жолдары	Мамыр	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары

«Бала қауіпсіздігі» тренингтік бағдарламасы негізінде ата – аналарға арналған жұмыс жоспары

(1–4 сыныптарға арналған сабақтар)

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Жеке қауіпсіздік және баланы зорлық-зомбылықтан қорғау	Қыркүйек	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
2	Цифрлық қауіпсіздік және баланы онлайн ортада қорғау	Қараша	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары

(5–9 сыныптарға арналған сабақтар)

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізі – сенім мен жеке шекараға құрмет	Қаңтар	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
2	Бүгінгі жасөспірім: қауіптің белгілері және қорғану тәсілдері	Наурыз	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары

(10–11 сыныптарға арналған сабақтар)

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Шекара мен қолдау: жасөспірімге өмірлік сынақтарды еңсеруге қалай көмектесуге болады	Сәуір	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары
2	Цифрлық әлемдегі жасөспірімнің қауіпсіздігі мен жауапкершілігі	Мамыр	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Тәрбие мамандары

Даму үшін әріптестік: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата – аналарына арналған бағдарлама

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды (ЕББҚ) оқыту — баршаға тең мүмкіндік беретін инклюзивті білім берудің маңызды бөлігі. Баланың сәтті бейімделуі кешенді тәсілсіз мүмкін емес: оның жеке ерекшеліктерін ескеру, арнайы жағдай жасау және отбасының белсенді қатысуы қажет. Ата-аналар — баланың өміріндегі басты тәрбиешілер. Олардың білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығы мен белсенді қатысуы баланың оқу жетістігіне және әлеуметтенуіне тікелей әсер етеді. Алайда көптеген отбасылар ақпараттың жетіспеушілігіне, эмоционалдық қиындықтарға және баланы қолдау мәселелеріндегі сенімсіздікке тап болады. Осы сабақтар мен әдістемелік ұсынымдар келесі мақсаттарға бағытталған: • отбасылар мен мамандар арасындағы серіктестік қарым-қатынасты дамыту; • ата-аналардың білім беру процесінің тең құқықты қатысушылары ретіндегі рөлін күшейту; • ата-аналарға қолдау көрсету және сүйемелдеу үшін практикалық құралдарды ұсыну. Ата-аналармен жұмыс келесі қағидаттарға негізделеді: • Жеке көзқарас: баланың даму ерекшеліктерін, отбасылық жағдайды және ата-аналардың белсенділік деңгейін ескеру; • Серіктестік және ынтымақтастық: бірлескен шешімдер қабылдау, жеке білім беру бағыттарын жасауға қатысу; • Ашықтық және қолжетімді ақпарат: оқыту әдістері, технологиялар мен ресурстар туралы өзекті мәліметтерді ұсыну; • Психологиялық-педагогикалық қолдау: ашық диалог үшін жайлы орта құру, ата-аналардың уайымын азайту және сенімділігін арттыру. Сабақ барысында қарастырылатын мәселелер: • ЕББҚ бар балалармен жұмыс істеудің нормативтік-құқықтық негіздері; • отбасы мен білім беру ұйымдарының тиімді өзара әрекеттесу формалары; • сәтті серіктестік мысалдары мен педагогикалық технологиялар; • ата-аналарды қолдау құралдары — консультациялар, тренингтер, өзара көмек топтары. Бұл сабақтар — әр баланың әлеуетін ашуға, отбасының рөлін күшейтуге және ЕББҚ бар балалардың оқуына, дамуына және өмір сапасына қолдау көрсететін инклюзивті ортаны қалыптастыратын тұрақты өзара әрекет жүйесін құру жолындағы қадам.

**Даму үшін әріптестік: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың
ата – аналарымен жүргізілетін жұмыс жоспары**

р\с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Түсінемнн және қолдаймын: ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға ата – ана ретінде қалай жақын болу керек	Қазан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Арнайы мамандар
2	Қабылда, түсін: ЕББҚ балалар мен ата - аналар	ақпан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологы Арнайы мамандар